

ЖАРКЕНТ

Айнасы

№2 (5), 25 қаңтар, жұма, 2019 жыл, jar-aina@mail.ru

АР БИІГІНДЕГІ
АҚЫН

Сөз киесі ұлтымыз үшін шексіз ұлылық пен құн жетпес құндылық. Көнеден жеткен бір тәмсілдің өзі «Әуелі сөз, содан кейін барлығы» деп келмей ме?! Тегі қазақ баласының екі ауыз сөздің басын құрауға хал-қадірі келмейтіні жоқ. Өйткені, сөз – қазақтың тегіне, өлең – қазақтың қанына, ал ақын – бағына біткен асылдар.

Ұлтымыз осынау алмағайып тіршілікте өзіндік өмір сүру қағидасын, елдік һәм ерлік болмысын, адамдық айнасын өлеңмен өрнектеп, бүгінге мұра еткендей.

«Ат жақсысы – тарланбоз, азамат жақсысы – дарабоз» десек, бүгінгі ғұмыр керуеніндегі түрлі-түрлі салалардағы саусақпен санарлық саңлақтарды жіпке тізгендей тізімдей аламыз. Өйткені, олар көп ішінен көзге бірден түсетін, ісі мен сөзі үйлесіп көңілден бірден ойнамайтын орын алатын жандар. Біздің бүгінгі кейіпкер – қазақтың сөз өнеріндегі, өлең өрісіндегі үзік-үзік таланттардың бірегейі, әдебиет әлеміне ғұмырын арнаған аяулы ақынымыз – **Оразақын Асқар**.

ӘКЕ ӨСИЕТІ

Оразақын Асқар 1935 жылы 16 мамырда Шыңжаң өлкесінің Іле аймағы, Мүкей-Қаратас деген жерде дүниеге есігін ашқан. Жұрт қатарлы бастауыш білімді Сарыбұлақ мектебінен алып, Сүйдін қаласындағы Орталық қазақ-қырғыз мектебінде толық орта білімге ие болды. Мектепте шығатын қабырға газетінің барлық суреттерін салатын. Көркемдеуші редактор болып жүрген бала ара-тұра газетке берер материалдар аздық етсе, аздық көпті тақырыптарға қалам тербейтін болды, кей суреттердің астына бір шумақ етіп өлең шығара бастады. Оны көрген ұстаздар болашағынан бірдеңе шығады екен деп сөз еттісі.

1950 жылы Құлжа қаласындағы Ахметжан Қасыми атындағы «Білім жұрты» гимназиясында оқиды. Осында оқып жүргенде облыстық «Жаңа жол» газетіне алғашқы өлеңдері жариялана бастайды. Гимназияны бітіргеннен кейін, Үрімші қаласындағы «Ұлттар институты» тіл-әдебиет факультетінің екінші курсына оқып жүргенде «Шыңжаң газетіне» қызметке шақырылады. Осы газетте, «Алға», «Шұғыла» журналдарында Оразақын

ағаның өлеңдері, мақалалары шығып тұрды. Шыңжаңдағы қазақ ақындарының екі томдық өлеңдер жинағының екінші томына О. Асқардың да бір топ өлеңдері енді. Шыңжаңда жарияланған алғашқы әдеби бәйгеде «Ақ көгершін» атты өлеңі жүлделі орынға ие болады.

Ол уақытта ел-жерге жетудің, атамекенге өтудің қиын екені анық еді. Бұл жағдай әлі күнге дейін алмакөзек қайталанып та тұратыны жасырын емес. Ақынның бұл оқиға жайындағы көңіл толқытарлық естелігі бар-ды...

Сағым жылдар елесіндегі сағындырар сәт еді бұл. Жасы жетіге жетіп, ашамайлы тайдан құтылып, ертоқымды жеке ат жалын тартып мініп, мектепке баратын болғанында, әкесі Асқар арнайы әзірлеп ерекше бір сәтті сапарға оңаша ертіп шығады. Желдіртіп, шоқытып, арақидік жарысып отырып ұзағырақ жүріп, бір өзеннің бойындағы қыраттау жерге жетіп ат тізгінін тартады. Аздан соң сөз бастаған әкесі:

– Көңіл қойып жақсылап тыңда! Сонау көрінген ұласпалы таудан бөлінген, қарауытқан жеке тауды көрдің бе? Ол Долаңқара деп аталады. Төріндегі тау Арқас тауы. Сол таудың сай-саласынан құралып Өсек өзені

Қазақ әдебиеті тағы да ауыр қазаға душар болды. 84 жасқа қараған шағында белгілі ақын, балалар әдебиетінің көрнекті өкілі, жерлесіміз Оразақын Асқар өмірден озды.

Оразақын Асқар 1935 жылы 16 мамырда Шығыс Түркістан өлкесінің Іле аймағына қарасты Мүкей Қаратас деген жерде дүниеге келген. 1951 жылы Үрімші қаласында ашылған Ұлттар институтының тіл және әдебиет факультетіне түсіп, оның екінші курсы аяқтағаннан кейін «Шыңжаң газеті» редакциясына қызметке тұрды.

1955 жылы атамекені Қазақстанға көшіп келіп, 1961 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіріп шығады. 1955 жылы жарық көрген «Қос жүрек» атты жас ақындардың ұжымдық жинағына өлеңдері енген.

Біраз жыл Қазақ КСР Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, этнография және археология институтында кіші ғылыми қызметкер, одан кейін Қазақстан Жазушылар одағының көркем әдебиетті насихаттау бюросында нұсқаушы, республикалық Кітап палатасында бөлім меңгерушісі, «Жалын» баспасында аға редактор болған.

Қазақтың қара өлеңін жинап, екі томын бастырды. Сонымен бірге, зейнеткер кезінде де әдебиет ісінен қол үзбей «Балауса» баспасында «Әдеби мұра» бағдарламасына орай, «Әлем балалар әдебиетінің» қазақ тіліндегі елу томдығын шығару жұмысына атсалысып, әдебиеттің өркендеуіне үлкен үлес қосты әрі осы жауапкершілікті міндетін абыроймен атқарды.

Осы еңбектері лайықты бағаланып, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Ерен еңбегі үшін», «Тәуелсіздіктің 10 жылы» медальдарының, Мұқағалиатындағы сыйлықтың иегері атанды. Көп жылғы тынымсыз еңбегі үшін Панфилов ауданының Құрметті азаматы атағы берілді. «Тұңғыш», «Мейірім», «Күнгей», «Ләйла», «Көкорай», «Балқарағай», «Сәулет», «Таудай бол!», «Белжайлау», «Өркеш», «Керімсал», «Баркөрнеу», «Орбұлақ», «Тәуелсіздік тартулары» атты жинақтары жарық көрген.

Оразақын Асқар қазақтың қара өлең түрлерін ұзақ жылдар бойы ел ішінен жинап, жиырма мың жолдық «Қара өлең» атты екі кітабын жариялады.

1996 жылдан Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. «Ерен еңбегі үшін», «Тәуелсіздіктің 10 жылы» медальдарының иегері. Мұқағали атындағы сыйлықтың иегері. Панфилов ауданының Құрметті азаматы.

Қазақ әдебиетінен өзіндік орнын алған қаламдасымыздың жарқын бейнесі оқырман қауым мен әріптестерінің жүрегінде ұзақ сақталады.

«Жаркент айнасы» газетінің ұжымы Оразақын Асқар ағамыздың отбасы мен ет-жақын туыстарына, қара өлеңнің қадірін білген қалың қазақ халқына қайғыра көңіл айтады.

Жаныңыз жәннатта болсын, аға!

ағып түседі. Өсектің бойында Жаркент деген қала бар. Арғы жағы Көктал, Қойбын, Қоңырөлең, Басши, Алтынмел. Бергі жағы Ақкент, Алтыұй, Қорғас. Жоғарғы жағы Шешін, Сарыбел, Қызылеспе, Қайшы, Күйтің, Баркөрнеу, Белжайлау, Орбұлақ деп шұбыртып айта береді. Бала Ораздың тыңдап тұр ма, жоқ па онымен ісі де жоқ. Көптен кейін барып «Осының бәрі бір сөзбен айтқанда біздің атамекеніміз. Біз сол жақтан келгенбіз. Сен осы жақта туғансың», – деп бір тоқтады. «Адамдарда Отан деген болады. Ол өзінің ғана туған жері емес, әкесінің, ата-бабасының жеті ата - жетпіс пұштысының туған, өскен, ел болып өмір сүрген ежелгі мекені. Менің отаным да, сенің отаның да бағанадан бері мен көрсетіп әңгімелеген жерлер. Сені бүгін осы шекараға арнайы оңаша ертіп келіп, осы әңгімелерді айтып отырған себебім: Сен енді оқисың үлкен жігіт бола бастайсың. Жаңағы мен алыстан болса да көрсеткен, айтқан жерлерді есіңнен шығарма! Бір қолайлы уақыт болса атамекеніңе қайтуды ойла», – деп өсиет етеді.



Ұлтжанды ұрпақ – келешек кепілі

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласындағы «Туған жер» бағдарламасына сәйкес ғасырлар бойы ел мен жердің азаттығы үшін жанкешті ерліктер жасаған батыр бабаларымыздың Отансүйгіштік қасиетін кейінгі жас ұрпаққа үлгі тұту мақсатында Жаркент әскери горнизонының бастығы п.п – к: Асанбай Арман Жансейітұлының нұсқауымен Жаркенттегі Ш.Уәлиханов атындағы орта мектепте ұйымдастырылған «Армия мен халық бір» тақырыбындағы ерлік сабағы өз дәрежесінде өткізілді.

Ерлік сабағына аудандық Ауған соғысының ардагерлернің төрағасы – Т.М.Теткусизов, Ауғандық ардагер – М.Н.Дәуренбеков және Панфилов аудандық Қорғаныс істері бөлімінің бастығы п.п-к: М.Тайболатов, Жаркент горнизонының әскери полиция бөлімшесінің бастығы п.п-к: Б.А.Ахметов, Сарыөзек гарнизоны әскери полиция бөлімшесінің патруль бастықтары старшина Т.А.Игиликов пен аға сержант Т.Ж.Мусаев, сондай-ақ аудандық Жастар ісі ресурстық орталығының маманы А.Бахытұлы, т.б. қонақтар қатысты.

Сөз кезегін алған іс-шара қонақтары – осындай әскери бөлім мен оқушылар арасындағы кездесулердің тарихымызды зерделеп, жастарға патриоттық тәрбие берудегі мәнінің зор екендігіне тоқталды, мәселен, аудан бойынша 104 азаматтың ауған соғысына қатысып, 8-і шейіт болғандығы және 32 адам мүгедек болып

оралса, 70-тен астамы қазір ата болып ұрпақ өрбітіп отырғандығы айтылды. Биыл Кеңес әскерлерінің Ауған жерін тастап шыққанына 30 жыл толатындығын да айтып өтті. Және де жастарға жақсы оқып білімді, білікті азамат болумен қатар Отанға адал болуға үндеді. Себебі, Отанды, елді, жерді қорғау әр жас өскіннің келешектегі азаматтық парызы екендігі баяндамашылар сөзінің негізгі арқауы болды. Шәкірттер тарапынан сұрақтар қойылып, келешекте ұлдармен қоса біршама қыздардың да «...Әскери, заң және полиция саласы маманы болсақ» деген арман-тілектері бар екендігін білдірді. Сөз арасында «Алғашқы әскери дайындық» пәнінің мұғалімі, ұйымдастырушы Н.Нұрпейісов пен мектептің өнерлі оқушылары патриоттық әндермен бірге күй атасы Құрманғазының «Адай» күйін көпшілікке тарту етті.

Өскелең ұрпақтың санасына тың ойлар беретін, елі мен жерін қастерлеп, атамекеннің әр тасын көзінің қарашығындай сақтайтын ұлтжанды азаматтар тәрбиелеуде әскери – патриоттық ерлік сабақтарының маңыздылығы өте зор екендігі іс-шара барысында бірден байқалды. Сөз соңын қорытындылаған мектеп директоры Айгүл Жұмағұлқызы ұрпақ тәрбиесіндегі адамгершілік, білімділік пен ұлттық құндылықтарымыздың, тарихымыздың әрдайым асқақ болуы керек екендігін айта келе, танымдық шараға арнайы келіп қатысушы қонақтарға үлкен алғысын білдірді.

Қ.ИБРАЙЫМЖАНОВ

Ежелгі адамдардың естеліктері

Қоғамдық сананың бір формасы өнер екендігі белгілі. Адамдар табиғатты тануға ұмтылыстарында алуан түрлі туындылар жасап, көптеген ізденіс барысында ойын, түсінігін жазып қалдыратын алғашқы табиғаттың сыйы – қара тасты тапты. Ағашқа, топыраққа тағы басқа заттарға түскен із қалмайды. Тасқа түсірілген кез келген сызық, ойық, жазылым кетпейді. Міне сондықтанда алғашқы қалам да тас, қағазы да тас болғаны шындық.

Батыс Еуропа елдеріндегі (Испания, Франция) мамонттың сүйегіне түсірілген ұсақ тастардан жасалған бейнелер, үңгір қабырғасындағы күйеге сурет сызып қалдыру өнері де болған.

Қазақстан аумағында да көптеген адамдарды таң-тамаша қалдыратын тас бетіне қашап қалдырылған Тамғалы шатқалындағы, Көксу өзенінің бойындағы Ешкөлмес тауларындағы, т.б. жерлердегі қола дәуірінің ескерткіштері ескі замандардан сыр білдіреді. Алматы облысы Жаркент өңіріндегі Алмалы ауылының солтүстік батысында Бестөбе деп аталатын батыстан шығысқа қарай биіктей беретін қазақтың түйелі көшіндей іркес-тіркес жатқан қыраттардың ішіндегі биіктеуі бесеу. Сондықтан ел-жұрт Бестөбе атап кеткен.

Бестөбенің бауыры еңістей созыла жусанды бозбен астарласып барып құмдауыт жазық пен Іле өзеніне барып бірақ тіреледі. Алматы – Қорғас – Құлжа тас жолы шұратты жазықты қақ бөліп қайыстай созылып жатыр.

Кеңсайдың екі беті көк шалғынға көміліп тұр. Елдің малы жайлауға түгел шығып кеткендіктен мал тұяғы тимеген сай табанын көмкерген гүлдесін өсімдіктер сабағынан үзілдердей әдемі ырғалып тұр. Жаңбырлы жаздың әсерінен топырақ беті шөптен көрінбейді. Түрлі бұталы өсімдіктер қаулап өскен Кеңсай беткейі тобылғы, ұшқат, итмұрын, сарыағаш гүлінен шыққан жұпар иіске көміліп тұр. Дем тартсаң тынысын кеңейіп көкірегің сергіп сала береді. Рахат бір күйге бөленесің.

Бірінші мен екінші Бестөбенің беткейлеріндегі қарақоғыр тастарға салынған суреттер қола дәуірі кезеңінің өнеріне жатады. Қарақойлы сайының батысындағы Сарықора аталатын қыстаудың шығысындағы беткейдегі тастарға салынған суреттер саны біршама.

Ежелгі адамдарда осы маңда аң аулап, құс ұстап, сай-саладан сылдырлап ағып шығып жатқан мөлдір бастаулардан қанып ішіп, тіршілік еткендігі көз алдына елестейді. Адамдар күнделікті күн көріс қамымен жүрсе де, өздерінің іс-қимылын тас бетіне түсіріп осы әрекеттерінен кейінгілерге хабар тастауға талпыныс жасағаны көрінеді. Мұндағы тастағы суреттердің ерекшелігі сол, әртүрлі жануарлар көлемі бір метрден аспайтұғын қара тастарға түсірілгендігі. Мұнда зәулім жартастар, көлемді қойтастар мүлдем жоқ. Құдды Ежелгі Египеттегі саз текшелерге жазылған таңбалар сияқты. Соған қарағанда адамдар өздері мекендеген қоныстардың я болмаса, яки ықтасынды сай ішіндегі салынған қыстау маңындағы тастарға таңбалар салған. Бұларға «Аң» мәнерінде таңбаланған бейнелердің көбінесе тауешкілер мен арқарлардың сұлбалары түсірілген. Бірінде, адамның алғашқы досы саналатын ит пен аң аулау сәті бейнеленсе, енді бір тастағы ойып салынған суретте барыс секілді жыртқыштың арқарларды аулау сәті салынған. Алмалы аймағындағы тау шоқыларының бауырындағы Ашақора, Қызылауыз секілді белстердің беткейіндегі қыраттарда мұндай тастарға салынған әр түрлі көп бейнелі ежелгі заман естеліктері мол. Дүбірлі қазақ даласына шығыстан жылжи келіп мекендеген, әрісін айтпағанда берісі сақтар мен ғұндардың ұрпақтары деп жүрген б.з. VI ғасырында тебінгісі терден шірген жауынгер көк түріктердің арасын жалғап тұрған алтын баулы үйсіндердің тарихының зерттелуі көмескі тартып тұрғандығы көңілге кірбің түсіреді. Қалай болғанда да сақ, үйсін дәуіріне жататын петроглифтердің көптеп ұшырасуы біздің бабаларымыздың осы Жаркент аймағында кең таралып қоныс тепкендігін көрсетудің айқын айғағы.

Альфира СОЛТАНАЕВА

Мамандық таңдау – адам ғұмырындағы ең маңызды шешімдердің бірі. Үлкен өмірге енді ғана аяқ басқан жас ұланның алдында мыңдаған мамандықтан өзіне біреуін таңдау міндеті тұрады.

Қазақтың көрнекті жазушысы Жүсіпбек Аймауытұлының «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез-келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өмірді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» дегенін атап айтуымызға болады.

Әлемде мыңдаған кәсіп түрлері бар: қажетті, маңызды, қызықты. Мамандық таңдау – әрбір адамның өміріндегі жауапты сәт. Бұл сәт, әсіресе мектеп бітіретін жас буын үшін ерекше, себебі мамандық таңдай отырып, олар өз болашағына жол салады. Әр мамандық өзінің қызығымен ерекшеленеді, алайда оны дұрыс таңдай білу маңызды.

Мамандық таңдау дегеніміз – өмірінің бір кірпішін қажетті жерге дұрыс қалау. Бүгінгі жастардың дені мұнайшы, заңгер, қаржыгер, қала берді кеденші болуды армандайды. Себебі «заңгер болсам, ақшаны күреп табамын», «экономист болсам, ен байлықты белшеден кешіп жүремін» деп ойлайды. Тіпті қыруар қаржы төлеп, баласын осы мамандықта оқытатындар да жетіп жатыр. Иә, ниеті жоқ жеткіншекті әлгі «көк сиырдың» күшімен жетелейді. Рас, ол мамандық иелерінің табысы өзгелерге қарағанда қомақты болар, бірақ бәрінің жұмыс тауып, айы оңынан туары екіталай. Аяғында бірі базар жағалап, баласын асыраса, бірі тіпті құрылысшы, күзетші болып күнін күйттейді.

Сарапшылардың пікіріне сүйенсек, бүгінгі күні

МЕН ТАҢДАЙТЫН МАМАНДЫҚ

маркетолог, дизайнер, химик, ақпараттық технолог, өнеркәсіп саласы мамандары жетіспейді. Ғарыш саласы мамандарына, төрткүл әлем техникаға телмірген заманда техникалық мамандық иелеріне зәру. Ауыл шаруашылығына қажетті мал дәрігерлерлері, агрономдар, өсімдікті қорғау мамандары, инженер-механиктер, инженер-электриктер, зоотехниктер жетіспейді екен. Мамандықтың жақсы-жаманы болмайды.

Мен журналист болуды армандаймын. Мамандықтың бәрі жақсы. Алайда, әрбір адамның өзінің ерекше қадір тұтып қастерейтін, жаны қалайтын бір мамандығы болады. Ол сенің мінез-құлқыңа, табиғатыңа жақын келуі керек. Мен де өзім ұнататын мамандығым жайлы көп толғанып, көп ойландым. Ақырында журналист болсам деп шештім.

Журналист – еңбегі ауыр, әрі ардақты. Журналисттің жанкештілігі түн ұйқысын төрт бөлген анамен тең десе де болады. Ол – ойдың адамы, көп ізденетін жан, сырт көзге оның ісі мен қызметі оп-оңай көрінеді. Меніңше, журналистің бойында адамгершілік, парасаттылық қасиеттер тұнып тұрса, тіпті тамаша.

Айталық, елгезектік, қарапайымдылық, кішіпейілділік, ақылдылық сияқты. Журналист үнемі бәрін сезіп, біліп, ізденіп, құлағын түріп жүруі тиіс. Елі үшін қызмет етуімен бірге, ар алдында да адал

болуы шарт. Өз басым бұл мамандықты осылай қабылдаймын. Бір жазған мақаласының, көтерген мәселесінің өзі неге тұрады? Ал, кез-келген тақырыпты толық аша білу, әділ бағалау үлкен шеберлікті қажет етеді.

Журналист – үгітші, насихаттаушы, ұйымдастырушы, әрі заманға ықпал етуші, тәлімі мол мамандық. Сондықтан да мен «өмір» атты теңізге шындықтың ақ желкенін ту етіп ұстап, ашық теңізде жол көрсететін кеме капитаны секілді халқыма, еліме, келер ұрпаққа әділдік, шындық жолын көрсетер, қаламы қарымды журналист болуды армандаймын! «Арман алысқа жетелейді» дейді ғой. Жетелесін. Жетекке еруге қапысыз дайындық үстіндемін.



Айгерім ТОЛЫМБЕК,
Елтіңді батыр атындағы орта мектептің 11-сынып оқушысы. Алмалы ауылы.

САҚ ОБАЛАРЫ

жүрек түкпіріндегі сағынышының сыртқа шығуы. Көңілімізді толқтытып, жандүниемізді тебіrentкен бір ұлы көрініс, қазақтың еңбектеген баласынан, еңкейген кәрісіне дейін қаннан – қанға беріліп келе жатқан ұлттық ерекшелігіміздің бірі. Атамыздың атамекенге деген құрметі, шексіз сүйіспеншілігі біз үшін баға жетпес тәрбие. Біздің арамыздан тез ес жиған Дархан атаға қарай бағыттап телефонның нүктесін бір – екі рет басып үлгерді.

Ұлан мен Рауан түскі астың қамына кірісті, сүт пісірім уақытта дастархан да дайын болды. Әсіресе, осыншама тау-тасты жеке көлігімен (Джип) бізді аралатып алып жүрген Рауан інімізге мың алғыс! Сөз арасында оның дүниетаным көкжиегінің кең және адамгершілігі мол, қазақы тәрбиені бойына сіңіріп өскен жан екендігінен хабардар болып отырдым. Және де тарих, аңшылық пен дін жайлы, т.б. тақырыптардағы әңгімемізге араласып өзіндік пікір мен көзқарасын нақты білдіріп отырды. Атамыз мұсылманның бес парызының бірі намазын оқуға кірісті.

Түскі асымызды ішіп алған соң, көлігімізге мініп солтүстігіміздегі Сарытауға бет түзедік. Өткендегі «Бұрханға сапар кезінде...» өзіміз түстенген құрдас Қанат Баясыловтың үйінің тұсындағы төбеге келіп тағы да аялдадық. Төменде сарқыраған Бұрхан өзені, тамағын бір кенеп алып атамыз әңгімесін бастады:

«Мынау Қанаттың үйінің жоғарғы жағындағы шамамен 20 – 30 метр жердегі там-тұм жұрнағы ғана қалған үйдің жұртын нұсқап, бұл Құдайбердінің Тәсібек атасынан тарайтын Несіпбек болыстың, ал, әнебір одан жоғарыдағы көне жұрт біздің атамыз



Бұрхандағы Қ. Баясыловтың үйі (төбесінен қарағандағы көрінісі)

Жүністің үйлерінің орны» деді. Содан, төменде қалған Жамбыл (Бұрхан) ауылы жаққа бір қарап алып қариямыз сөзін одан әрі жалғастырды: «жаңағы өздерің орнын суретке түсірген «Қанды оқиғаны» қызылдар осы Несіпбек болыстан көріп, ауылымен Қытайға өтіп бара жатқан жерінен болысты Ойжайлаудың асуында қуып жеткен қызылдардың «комотряды» жас-кәрі, бала-шаға демей бәрін қырып тастаған екен. Соның ішінен құдайдың құдіретімен қабырғасының етін жырып өткен оқтан Күнболат деген бала ғана жалғыз тірі қалған. Өзі арып-ашқан, киімі алба-жұлба еңіреп жылап келе жатқан Күнболатты таудан теке атып келе жатқан Сыдық атамыз көріп үрейленгені сонша «мынау не жын, не шайтан болар» деп атып тастауға мылтығын кезенгенде, «ой, ата мен Күнболатпын!» деп айғайлап жатып әрең аман қалыпты. Оның келген жағы анау» деп қария өзеннің шығыс беткейіндегі мал тұяғымен неше түрлі жол болып айғыздалған қарсы беттегі жотаны көрсетті.



Аққумбес кесенесі



Қожбанбет баба мен Молақ кесенесі

«Кейін белгілі болғандай ойрандалған атақоныс пен қорланған ел-жұрттың көз жасына шыдамай, ашынғаннан сол бір қырғынды ұйымдастырған Сатайдан шыққан әйгілі Мұқа болыс екен», – деді атамыз атажұртына қарап ойланған қалпында. Иә, бодандықта ғұмыр кешкен ғасырларда сен көрмеген қасірет жоқ, қайран қазағым! Сол зұлмат аласапыраннан да аман шығып, жапырақ жайып, ұрпақ өрбітіп отырсың-ау! Жаратушының құдіретінде шек жоқ, оған дәлел қазір міне әлем мойындаған дербес қазақ елі, тәуелсіз мемлекетпіз.

Содан зуылдаған қалпы Сарытауға да жетіп, солтүстіктен оңтүстікке қарай созыла орналасқан, байырғы бабаларымыздың көзіндей болған көне заман ескерткіші «Үш обаға» (мен солай атадым) таяу барып тоқтадық. Біз бергі төмен жақтан барғандықтан, ең төменгісін «№1 оба» деп алдым.

1. Биіктігі – 7 – 8 метр
2. Төбесінің ені мен ұзындығы – 18 x 12
3. Обаның етегінің ені мен ұзындығы – 42 x 36

Обаның етегінен 15 м аралықтан кейін аталмыш обаны айналдыра екі қатар тіктелген тастармен шеңбер болып тас бағандар (менгирлер) орнатылған, екі шеңбердің аралығы 2 м. Ішкі сопақша шеңбердің ені 55 м, ал, ұзындығы 57 м. Обаның төбесіне қалыңдығы 2 м болатын түрлі тастар үйілген.

Енді осы «№1 обадан» кейін солтүстікке қарай бір сызық бойымен 30 м қашықтықта одан көлемі жағынан кішірек «№2 оба» орналасыпты.

1. Биіктігі – 2 – 3 м
2. Төбесінің ені мен ұзындығы – 19 x 20
3. Обаның етегінің ені мен ұзындығы – 23 x 23

Обаның етегінен 3 м аралықтан кейін аталмыш обаны айналдыра екі қатар тіктелген тастармен шеңбер болып тас бағандар (менгирлер) қаланған, екі шеңбердің аралығы 50 см. Төбеде үйілген сансыз тастар.

Аталмыш «№2 обадан» кейін солтүстікке қарай бір сызық бойымен 39 м қашықтықта одан көлемі жағынан үлкендеу «№3 оба» орналасыпты.

1. Биіктігі – 7 – 8 м
2. Төбесінің ені мен ұзындығы – 16 x 16 (шеңбер тәріздес)
3. Обаның етегінің ені мен ұзындығы – 28 x 28 (шеңбер тәріздес)

Басқа обаларға қарағанда бұл обаның бір ерекшелігі төбесінің батыс жағы тағы да 6x6 м бүйірленіп шығып тұр. Соған қарағанда бұнда бірнеше адам жерленген болуы керек. Бұнда да айнала тас бағандармен (менгирлер) қоршалған.

Тағы бір назар аударарлық жағдай көлемі жағынан ең үлкені болып келетін «№1 обаның» батыс жағында қатарласа 2 м арақашықтықтан кейін (суретте) мынадай тізіліп орналасқан тас бейнелерді көрдік. Яғни, бұл да «көне заманғы жерлеу орыны болар» (мүмкін Қола дәуірі) деген тұжырым жасадым. Себебі, осы үш обаның осы жерге орналасуына осы бір тас қорымдардың да өзіндік әсері болған-ау. Ал, мына орналасқан аталмыш «Үш оба» менің жорамалым бойынша – Сақ-Сармат дәуіріне жататын сияқты. Өкінішке қарай сағанаға кіретін арнайы жер асты жолы – **дромостың** белгісін таба алмадым, бірақ бар екеніне еш күмәнім жоқ.

Иә, өз хал-қадірімізше обаларды суретке түсіріп, керек-ау деген мәліметтерді қағазға жазатынын жазып алып, ат басын кері бұрдық. Ақ қарлы тау шыңдары, сай-сала, найзадай болған қарағайлар, қыраттар, төбелер, бәрі-бәрі артымызда қалып барады. Бойымызды табиғатқа деген таңданыс пен туған жерге арналған сүйіспеншілік, мақтаныш сезімі биледі. Керемет тәтті күй, бұны естігеннен гөрі көзбен көріп, жүректен өткізіп сезіну керек. Іштегі бұла сезім сыртқа теуіп, өлең айтқым келіп

кетті. «...Қазақ болып тұмағанда қайтер ем» әні өз-өзінен тіліме оралуда. Тәтті күй, тамаша сезім...

Көлігіміз Үлкен Күрлдекпен жүйіткіп келеді. Есіме түсе кетті, осы жер атауын мен өткен мақаламда «Күркілдек» деп жазып едім. Анығын біле алмай «неге олай аталады?» деген сұрағыма, осы маңайда тұратын үлкен-кішіден ешкім мандытып жауап бере алмады. Енді соны атадан сұрауға ыңғайландым. «Ата, бұл жер неге Күрлдек деп аталған, білмейсіз бе?» деген сөзіме «Ой, балам, мына Бұрханның өзені тасығанда күрілдеп осы аумақтың бәріне естіліп жатады, содан солай аталған» демесі бар ма. Міне, қазақ қалай ат қойғыш, әрі қарапайым, әрі айтуға да оңай және бұл жердің табиғатына сай келіп тұр. Керемет емес пе?!

Жол бойы құлаған үй орындары көптеп кездесті, соған қарағанда үлкен ауыл болғандығы байқалады. Кезекті төбесі құлап қабырғасы ғана қалған, көлемі ұзынша үй жанынан өте бергенімізде Тұрғанбек қария «тоқта» деген белгі берді. Көліктен түсіп батыс жақтағы сайды қолымен нұсқап, шығыс жағындағы іргетасының орны әрең көрінетін үй орнын нұсқап «таптым» деп балаша қуанды. Мен аузымды ашып үлгергенше «Өткенде айтып едім ғой, Суандағы Бұқа молда атты білімді, атақты кісінің мешіті болған деп, міне мынау соның орны», – деді жаңағы қабырғасы ғана тұрған үй орнын нұсқап. Батыс жағындағы михрап пен ортада орналасырып қыс мезгілінде от жаққан пеш пен мұржаның орнын көрсетті. Ұлан үшеуіміз іші – сыртын айнала аралап суретке түсірдік.

Жолай Қарамолаға сәл аялдап, Аққумбес жанындағы үлкен зиратқа да келіп жеттік,



Шежіреші Тұрғанбек атамен бірге

әруақтарға бағыштап құран оқылды. Зиратты айналып биігірек тепсеңдегі Аққумбездің жанына жақындаған атамыз қатты кейіген қалпымен «Атаңа нәлет Совет-ай, зеңбірекпен атып күмбезін құлатты ғой! Жер құрып қалғандай әскерін осында әкеліп ойнатты. Оңбағандар!» деп, назаланып кетті. Бәріміз үнсіз қалдық, сәлден соң атамыздың ашуы басылып тағы құран бағышталды. Өткен сапарымызда кесене сыртындағы арабша жазуды оқи алмай кетіп едік, атамыз арабшаны мүдірместен судыратып оқып берді. «Бұл нені білдіреді?» деген сұрағымызға қария «Бұл Құранның Бахара сүресіндегі Аятүл күрсі, қасиетті дұға» деп жауап қатты. Дархан, Рауан, Ұландар әр-әр жерден кірпішке тиген оқтардан қалған ойықтар орнын көріп, таңданыстарын жасыра алмады. «Не деген құдайсыздар, кесенені зеңбірекпен, мылтықпен атқылаған?! Әй, атаңа нәлет коммунистік Кеңес үкіметі, тірі қазақ түгілі, өлі әруаққа да маза бермеген екен ғой. Қайтіп налымайсың?!». Қарияның кейіп, назалануы да бекер емес қой.

Мен ғой күмбезді айнала қарап қыш кірпіштердің көлемін, түр-түсін, қалыңдығын, т.б. керек-ау деген дүниелерді қағазыма түртіп алдым. Біраз демімізді алған соң, жиналып көлігімізге мініп, ауылға бет түзедік. Шаршағанымыз енді білінді, жүйіткіген көлік ішінде әркім өз ойымен отыр. Бірақ, бәрінің де жүзінде ризалық нышан бар. Әрине, мынадай сәтті сапарға бәрімізде қуаныштымыз. «Туған жер – алтын бесік» деген осы екен ғой...

**Қали
ИБРАЙЫМЖАНОВ,**
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі.
Жаркент қаласы.



ТОПЖАРҒАН



Сүйінші, ағайын! Қаршадай қызың велоспорттан Халықаралық додада топ жарып, айды аспанға бір-ақ шығарды. Қазағыңды бүкіл Азия құрлығына паш етті! Иә, жаз дидарлы Жаркент өңірі әрқашанда мақтан ететін сайыпқыран ұлдары мен талантты қыздарының алтын бесігі. Спорттың әр түрінен Әлемдік және Халықаралық жарыстарда жүлделі орындарды иеленіп жүрген ағаларының жолын жалғап отырған Ақпейіл қыздарыңыз еліміздің қандай марапатына болса да лайықты...

Ендігі кезекте топжарған талантты қызымыз жайлы аз – кем ақпарат беріп өтсем. Аты – жөні: **Өсім Ақпейіл** – 2002 жылы, 23 қазанда дүниеге есігін ашқан. Атасы Ербосын мен Бақыттың алақанына салып аялап отырған сүйікті қыздары, сондай-ақ, ағасы Заңғар мен інісі Дастанның ортасындағы ерке қыз. Атасы – Өсім де Кеңес заманында аудандық марафондарда алдына жан салмаған желаяқ болса, әкесі Ербосын да Ішкі Істер бөлімінде қызметте жүргенде аудан, облыстағы өткен спорттық жарыстарда (волейбол, футбол, жүгіру, пистолет ату, турнир т.б.) жүлдегер атанған атпал азамат.

Ақпейіл, алғаш 2008 жылы қаламыздағы Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп табалдырығын аттады. Сөйтіп, 5-ші сынып оқып жүргенде ойламаған жерде сыныптас құрбысы Нұршаттың айтуымен осы велосипед спортының жаттығуына қатысады. Алғашқы жаттықтырушысы – Н.Карпович болды. Тегіне тартқан тумысынан зерек, қағілез қыз өзінің жауапкершілігі мен ұқыптылығының арқасында спорттың бұл түрін тез игеріп, түрлі жетістіктерімен көзге түсе бастайды. Тынымсыз еңбек пен жеңіске деген құштарлық Ақпейілді Талдықорған қаласындағы облыстық спорт – интернатынан тәлім алуға алып келді. Қаршығадай қазақ қызының жеңіске деген ерік – жігері мен құлшынысы бұл жердегі



жаттықтырушысы В.А.Юрайтес мырзаның да көңілінен шықты.

Әне-міне дегенше, бапкерінің шыңдауымен Қазақстан біріншілігі жарыстарына да қатыса бастады. Атап айтсақ: Астана (2016 ж. қыркүйек), Орал (2017 ж. шілде), Астана (2017 ж. қазан), Көкшетау (2018 ж. мамыр), Алматы (2018 ж. маусым) республикалық жарыстардың бәрінде І-ші орынды иеленіп, медаль, кубок, мақтау қағаздарымен марапатталды. Болашағынан нық сенім күттірген бұл жеңістері Өсім Ақпейілдің ендігі жерде Астана қаласында Олимпиадаға даярлау орталығының жаңа бапкерлері – Е.Анатолиевна мен С.Алексеевналрдың қоластында жаттығуына жол ашты. Яғни, бұл дегеніңіз алдағы меже – Халықаралық жарыстар.

Бақ пен бабы дәл келген велошабандоз қызымыз – Башқұртстанның астанасы Уфада (2017 ж.), Ресейдің Тула, Воронеж, Иркутск және Белоруссияның Могилев қалаларында өткен Халықаралық спартакиадалардың бәрінде І-ші орынды жеңіп алып жанкүйер қауымды қуанышқа бөледі. Велоспортқа деген талантымен талайды тәнті еткен қайсар қыз, жаңа басталған 2019 жылдың 9 – 14 қаңтар аралығында Индонезияның астанасы Джакарта қаласында өткен



Азия чемпионатында жұлдыздай жарқырап – топтық жарыста І-ші орын (Алтын), ал жекелей жарыстарда екі қола медальды жеңіп алып жеңіс тұғырына көтерілді. Осылайша велоспорт сайыпқыраны Өсім Ақпейіл өзінің даралығымен Қазақ елінің көк туын желбіретіп, Әнұранын шырқатып, мемлекет абыройын аспандатты. Өз кезегінде туған елі де, жанкүйерлері мен туған туыстары да ел мерейін үстем еткен батыр қызын үлкен құрметпен қарсы алды.

P.S. Қазақ спортының зеңгір көгінде жарқ етіп, тағы бір жұлдыз туды. Тәңірі ұзағынан сүйіндірсін! Азия біріншілігінің жұлдызы Ақпейіл қарындасымызға – алдағы шілде айында Оңтүстік Корея мен тамыз айында Германияда өтетін Әлем біріншілігі жарыстарында да алтыннан алқа тағынып, ел – жұртының құрметіне бөленуіне шын жүректен ниеттес екенімізді білдіреміз.

Алар асу мол болсын, Жаркенттің алтын қызы, Ақпейіл!

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ

«ЖҮРЕГІМ ТОЛЫ МЕЙІРІМ»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2019 жылғы қаңтар – мамыр аралығында «Қазақстан – мейірімділік мекені» атты республикалық балалар бастамасын өткізуді ұсынды. Республикалық балалар бастамасының мақсаты – балалар мен жастардың айналасындағы көмекке мұқтаж жандарға мейіріммен қарап, қайырымдылық істер жасауға және табиғатты аялап, қамқорлық танытуға, олардың қатысуымен қайырымдылық акцияларын қамтамасыз ететін іс-шаралар ұйымдастыру, қоғамға риясыз қызмет көрсетудің жағымды идеяларын кеңінен насихаттау және тарату.

Республика көлемінде 10 қаңтар – 10 ақпан аралығында «Қамқорлық» дәстүрлі республикалық акциясы өткізілуде.

Қайырымдылық – халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. «Жанашырлыққа – жан риза» дегендей кемтар, жетім, қамқорлыққа алынған балалардың жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске ат салысу әрбір адамның азаматтық парызы. Адам өміріндегі ең игі істерінің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Осындай қағиданы ұстанған «Еңбекші орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде де «Қамқорлық» акциясын өткізу туралы іс-шаралар ұйымдастырылды.



Акцияға арнайы жоспары жасалып 15-қаңтар күні «Шын жүректен» тақырыбында ата-аналар арасында аталмыш қамқорлық акциясы туралы жан – жақты түсінік жұмыстары жүргізілді. Мектеп тарапынан мұғалімдердің қатысуымен «Жасөспірім түнгі қалада» тақырыбында рейд ұйымдастырылды. Сонымен қатар, биылғы жылдың 21-қаңтарында 11-сынып оқушыларының бастамасымен мектеп шәкірттері мен ұстаздар арасында «Жомарт жүрек» атты сұхбат болып, видеоролик түсірілді. 25-қаңтар күні оқу ордасының сынып жетекшілері мен ата-аналарының қолдауымен «Қайырымды жүрек, жомарт қол!» айдарымен қамқорлық жәрмеңкесі өткізіліп, соңы мектебіміздегі оқушы жастар ұйымының «Жүрегім толы мейірім» атты қайырымдылық концертіне ұласты. Іс-шараға арнайы шақырылған аудан, қала әкімшілігі және түрлі сала қызметкерлері де белсене атсалысып, өз үлестерін қосты.

Осынау білім шаңырағында көпшіліктің қолдауымен өтіп, көптеген адамдардың жанына шуақ сыйлаған «Қамқорлық» акциясын қортындылаған мектеп директоры Ғалымжан Қалиұлы Рысбаев мырза, өз үлесін қосқан барлық қатысушыларға шын жүректен алғысын білдіріп, түскен қаражаттың аз қамтылған отбасында тұрып жатқан балаларға көмекке берілетіндігін көпшілікке хабардар етті. Аталмыш «Қамқорлық» акциясы алдағы уақытта да жоспарға сәйкес бұдан әрі де өз жалғасын табады деген сенімдеміз.

Жанар СЕРІКҚЫЗЫ,

Еңбекші орта мектебінің

әлеуметтік педагогы.

Жаркент қаласы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті оқырман, «Жаркент айнасы» газетіне құттықтау, жарнама қабылдаймыз. Тел.: 8/777/971-57-67

Газетке жазылу индексі: 65161



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ

Меншік иесі: «БАҚ» ЖК

Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ

Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ

Бас редактордың орынбасары –

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ

Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➤ Газет индексі - 65161
➤ Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➤ Газет «Алматы-Болашақ» АҚ басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көш, 223 В Тел/факс: 8 (727) 3784008. Офсеттік басылым.
➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:

Алматы қаласы,
Қабанбай батыр көшесі 147, 22 офис
Алматы облысы, Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №110